

"Алауғаз" мемлекеттік холдинг компаниясын құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 2 қыркүйек 1993 ж. N 770. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.09.29. N 964 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік холдинг компаниялары туралы" 1993 жылғы 5 наурыздағы N 1138 қаулысын, Қазақстан Республикасы Президентінің "Шаруашылықты басқару органдары жүйесін жетілдіру туралы" 1993 жылғы 23 маусымдағы N 1281 Жарлығын орындау үшін, газ шаруашылығында нарықтық қатынастарды қалыптастыру мақсатымен Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақ мемлекеттік газдандыру концернінің құрамына енген мемлекеттік кәсіпорындар, ұйымдар және акционерлік қоғамдар, сондай-ақ акциялардың мемлекеттік пакеті бұрын концернге берілген акционерлік қоғамдар негізінде "Алауғаз" мемлекеттік холдинг компаниясы (бұдан былай "Алауғаз" компаниясы) құрылсын.

2. "Алауғаз" мемлекеттік холдинг компаниясы қайта құрылатын "Қазақгаздандыру" концернінің мүліктік құқығы мен міндеттерінің құқылы мұрагері болып табылады, "Алауғаз" компаниясының атқарушы аппараты мен басшылығын ұстау оның шаруашылық қызметінің есебінен жүзеге асырылады деп белгіленсін.

3. "Алауғаз" мемлекеттік холдинг компаниясына:
халықты және халық шаруашылығын табиғи және сұйытылған газбен камтамасыз ету жүйесінің кідіріссіз жұмыс істеуі үшін жауапкершілік;
газды тұтыну режимін және газ ұтымды пайдаланылуын бақылау;
газ шаруашылығы объектілерін жобалаумен, салумен және пайдаланумен, техникалық дамытумен шұғылданатын кәсіпорындар мен ұйымдардың іс-әрекетін үйлестіру жүктелсін.

4. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының Энергетика және отын ресурстары министрлігімен, "Қазақгаздандыру" концернімен бірлесіп, бір айлық мерзімде осы қаулыға қосылған тізбеге сәйкес бірлестіктердің, кәсіпорындар мен ұйымдардың құрамында "Алауғаз" компаниясын құру жөніндегі құжаттар пакетін қабылдап, оның құрамына кіретін кәсіпорындар мен ұйымдардың мемлекеттік мүлкін иелену, пайдалану және басқару құқығын, сондай-ақ бұрын құрылып, компания құрамына енгізілген акционерлік қоғамдар акцияларының

мемлекеттік пакетін иелену, пайдалану және басқару құқығын "Алауғаз" компаниясына табыстауды көздейтін болсын.

"Алауғаз" компаниясының құрамына кірген кәсіпорындардың акционерлендірілуіне қарай Қазақстан Республикасында мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің 1993-1995 жылдарға (II кезең) арналған ұлттық бағдарламасында көзделген тәртіппен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті сататын акциялар пакетінен басқа акциялардың мемлекеттік пакеттері оның иеленуіне, пайдалануы мен басқаруына берілсін.

5. Қазақстан Республикасы Экономика министрлігі газды еркін бағамен босатуға дейінгі кезеңге арнап, "Алауғаз" компаниясына газ шаруашылығының кезек күттірмейтін мұқтажына жыл сайын мемлекеттік инвестиция бөлінуін көздейтін болсын.

6. Газды беріп тұрушылармен және көтере сатып алушылармен орталықтандырып есеп айырысу, сондай-ақ газ тұтынудың көлемі мен құрылымына қарай өнеркәсіптің қазіргі көтерме сауда бағасына үстемелер мен шегерімдер қолдану құқығы "Алауғаз" компаниясына сақталсын.

7 . < * >

Ескерту. 7-тармақ күшін жойды - ҚР Үкіметінің 1999.07.01. N 909 қаулысымен.

8. "Алауғаз" компаниясының орналасатын жері Алматы қаласы болып белгіленсін.

9. Қазақ ССР Министрлер Советінің "Қазақ мемлекеттік газдандыру концернін құру (Қазақгаздандыру) туралы" 1990 жылғы 28 желтоқсандағы N 538 қаулысының (Қазақ ССР ҚЖ, 1990 ж., N 5, 33-бап) күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің

1993 жылғы 2 қыркүйектегі

N 770 қаулысына

Қосымша

**"Алауғаз" мемлекеттік холдинг компаниясының
құрамына кіретін мемлекеттік кәсіпорындардың,
ұйымдар мен акционерлік қоғамдардың**

Тізбесі

Алматы газ шаруашылығы өндіріс бірлестігі (Алматыгаз), Алматы қаласы
Ақмола облыстық газ шаруашылығы өндіріс бірлестігі (Ақмолаоблгаз),

А қ м о л а

қ а л а с ы

Шығыс Қазақстан облыстық газ шаруашылығы өндіріс бірлестігі (Өскеменоблгаз),

Өскемен

қаласы

Жезқазған облыстық газ шаруашылығы өндіріс бірлестігі (Жезқазғаноблгаз),

Қ а р а ж а л

қ а л а с ы

Жамбыл облыстық газ шаруашылығы өндіріс бірлестігі (Жамбылоблгаз),

Ж а м б ы л

қ а л а с ы

Қарағанды облыстық газ шаруашылығы өндіріс бірлестігі (Қарағандыоблгаз),

Қ а р а ғ а н д ы

қ а л а с ы

Көкшетау облыстық газ шаруашылығы өндіріс бірлестігі (Көкшетауоблгаз),

К ө к ш е т а у

қ а л а с ы

Қызылорда облыстық газ шаруашылығы өндіріс бірлестігі (Қызылордаоблгаз)

,

Қ ы з ы л о р д а

қ а л а с ы

Павлодар облыстық газ шаруашылығы өндіріс бірлестігі (Павлодароблгаз),

П а в л о д а р

қ а л а с ы

Солтүстік Қазақстан облыстық газ шаруашылығы өндіріс бірлестігі (

Петропавлоблгаз),

Петропавл

қаласы

Семей облыстық газ шаруашылығы өндіріс бірлестігі (Семейоблгаз), Семей

қ а л а с ы

Талдықорған облыстық газ шаруашылығы өндіріс бірлестігі (

Талдықорғаноблгаз),

Талдықорған

қаласы

Торғай облыстық газ шаруашылығы өндіріс бірлестігі (Арқалықоблгаз),

А р қ а л ы қ

қ а л а с ы

Оңтүстік Қазақстан облыстық газ шаруашылығы өндіріс бірлестігі (

Шымкентоблгаз),

Шымкент

қаласы

Ақтөбе құрылыс-монтаж басқармасы (Ақтөбегазмонтаж), Ақтөбе қаласы

Атырау құрылыс-монтаж басқармасы (Атыраугазмонтаж), Атырау қаласы

Ақмола құрылыс-монтаж басқармасы (Ақмолагазмонтаж), Ақмола қаласы

Қарағанды құрылыс-монтаж басқармасы (Қарағандыгазмонтаж), Қарағанды

қ а л а с ы

Көкшетау құрылыс-монтаж басқармасы (Көкшетаугазмонтаж), Көкшетау

қ а л а с ы

Қостанай құрылыс-монтаж басқармасы (Қостанайгазмонтаж), Қостанай

қ а л а с ы

Мақтаарал құрылыс-монтаж басқармасы (Мақтааралгазмонтаж), Славянка

қ а л а с ы

Павлодар құрылыс-монтаж басқармасы (Павлодаргазмонтаж), Павлодар

қ а л а с ы

Петропавл құрылыс-монтаж басқармасы (Петропавлгазмонтаж), Петропавл

қ а л а с ы

Семей құрылыс-монтаж басқармасы (Семейгазмонтаж), Семей қаласы

Талдықорған құрылыс-монтаж басқармасы (Талдықорғангазмонтаж),

Т а л д ы қ о р ғ а н

қ а л а с ы

Шымкент құрылыс-монтаж басқармасы (Шымкентгазмонтаж), Шымкент

қ а л а с ы

Мемлекеттік өндіріс кәсіпорны (Теміргазпром), Теміртау қаласы

"Автотрансгаз" акционерлік қоғамы, Ақмола қаласы

Республикалық өндіріс басқармасы (Казорггаз), Алматы қаласы

Республикалық оқу орталығы, Алматы қаласы

"Газкомплект" акционерлік қоғамы, Алматы қаласы

"Жетісугаз" мемлекеттік кәсіпорны

*Ескерту. Қосымшаға өзгерістер мен толықтыру енгізілген - ҚРМК-нің
1995.03.16. N 275 қаулысымен.*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК